АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

2026 жылғы 18 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Басқару академиясы **«ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ»** тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізеді.

Конференция жұмысына ғалымдар, оқытушылар, докторанттар, магистранттар, құқық қорғау органдарының өкілдері, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл саласында жасанды интеллект технологияларын қолдану мәселелерімен айналысатын мамандар шақырылады.

Конференция білім беру ұйымдарының, ғылыми-зерттеу мекемелерінің, құқық қорғау органдарының, мемлекеттік мекемелердің және IT-қоғамдастықтың ғылыми әлеуетін біріктіру мақсатында қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, ашу, тергеп-тексеру және қылмыстылыққа қарсы іс-қимылды аналитикалық сүйемелдеуде жасанды интеллект технологияларын қолданудың заманауи ғылыми тәсілдерін, даму бағыттары мен тәжірибесін талқылау үшін өткізіледі.

Конференция жұмысының негізгі бағыттары:

1. Жедел-іздестіру қызметінің өзекті проблемалары: теория, заңнама және құқық қолдану тәжірибесі *(ашық аспектілер)*.
2. Жедел-іздестіру қызметінде, сотқа дейінгі тергеп-тексеруде және қылмыстылыққа қарсы іс-қимылдың ақпараттық-аналитикалық қамтамасыз етілуіндегі жасанды интеллект.
3. Цифрлық криминалистика, деректерді зияткерлік өңдеу және сараптама-криминалистикалық қамтамасыз ету.
4. Құқық қорғау органдарының қызметіне жасанды интеллектіні енгізудің құқықтық, ұйымдастырушылық және этикалық аспектілері.

Өткізу форматы:

Офлайн: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55Б.

Онлайн қатысу: QOSYL платформасы

Кездесу уақыты: 18.09.2026 ж. 09:45.

Конференция идентификаторы: 959641552673
Кіру коды: 12345
https://meet.qosyl.kz/meeting?room=959641552673

Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс және ағылшын тілдері.

Конференция жұмысына қатысу үшін **2026 жылғы 28 тамызға дейін** ұйымдастыру комитетінің электрондық мекенжайына (academy.mvd.science@gmail.com) **«ҒЗИ ЖІҚжәнеКҚІ конференциясы үшін белгісімен»** келесі материалдарды жолдауыңыз сұралады:

– конференцияға қатысуға арналған өтінім, қоса берілген нысан бойынша;

– ғылыми мақала;

– ғылыми мақалада мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің жоқ екендігі туралы автор қол қойған анықтаманың сканерленген көшірмесі *(анықтама үлгісі қоса беріледі)*.

Іс-шара нәтижелері бойынша материалдар жинағын құрастырып, басып шығару жоспарлануда.

1-қосымша

Өтінім үлгісі:

Тегі, аты, әкесінің аты	
Толық лауазымы (жұмыс орны көрсетіле отырып)	
Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	
Қатысу нысаны (офлайн, баяндаманы бейнеконференция құралдары арқылы онлайн қатысу, сырттай)	
Баяндаманың тақырыбы	
Байланыс телефоны	
Электрондық пошта мекенжайы	

Баяндамаға қойылатын талаптар:

1) оң жақ жоғарғы бұрышта – автордың аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы, атағы (толық), ғылыми дәрежесінің/ғылыми атағының болуы;
2) мақаланың атауы – ортасында бас әріптермен;
3) мәтін Word редакторында, Times New Roman қарпімен, кегль 14;
4) жоларалық интервал – бірлік (1).;
5) абзац шегінісі – 1,25;

6) өрістер (поля): сол жақ – 3 см, оң жақ – 1 см, жоғарғы және төменгі – 2 см-ден;
7) әдебиеттерге сілтемелер баяндаманың соңында, квадрат жақшада;
8) беттер саны – 5-8 бет (А4 форматы).

Мақала мәтіні ғылыми және стилистикалық тұрғыдан өңделген болуы тиіс.

Автор мыналарға жауап береді:

– ақпараттық қауіпсіздік, мемлекеттік құпия туралы заңнаманы сақтауға;

– жұмыста келтірілген нақты деректер мен дәйексөздердің дұрыстығына.

Мақала авторы ұсынылған материалдардың мазмұнының дұрыстығы мен түпнұсқалығы үшін жауапты болады.

Байланыс телефондары:

Жанхан Нурбахыт Жанханулы (WhatsApp) +7 701 299 4047

Мусин Айдар Булатович (WhatsApp) +7 775 444 8855

Халықаралық конференция жұмысына қатысуларыңызға қуанышты боламыз!

2-қосымша

ҮЛГІ

АНЫҚТАМА

Менің, **ТЕГІ, АТЫ, ӘКЕСІНІҢ АТЫ «БАЯНДАМА ТАҚЫРЫБЫ»** атты мақалада мемлекеттік құпияларды құрайтын, сондай-ақ «Қызметтік пайдалану үшін» деген белгісі бар мәліметтердің қамтылмағанын растаймын. Мақала ашық басылымда жариялануы мүмкін.

Т.А.Ә. _____ ҚОЛЫ _____

«___» _____ 2026 ж.